



* Ризашылық әні

Сөзі мен әні Луиза Хейдікі

Ризамын бүгінге ,
Ризамын бүгінге ,
Ризамын бүгінге ,
Ризамын қазірге !

Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге ,
Ризамын, ризамын, ризамын қазірге .

Ризашылық-адамның
басқа адамнан көрген
жақсылығы, көмегі, кө-
ңілі үшін қанағаттану-
шылық және алғыс
білдірушілік сезім.



АЛҒЫС-адамның адамға
жасаған жақсылығы, көмегі,
көңілі үшін ризашылық біл-
діруі, сондай-ақ оның ойы мен
іс-әрекетіне, жасаған істеріне
жоғары баға беруі.

- **Қасым мен Хасен анасына не үшін алғыс айтты?**
- **Анасы балаларына алғысты не үшін айтты?**
- **Сендер қандай жағдайларда алғыс айтып жүрсіңдер?**
- **Сендерге алғыс айтқанда қандай сезімде бөленесіңдер?**

Данышпан атаның айтқан батасы

Рахмет!

**Жасың ұзақ
болсын!**

Таудай бол!

Өркенің өссін!

Бақытты бол!

Білімді бол!

Өнерлі бол!

Бағың жансын!

Мұратыңа жет!

Өнерің өрге жүзсін!

Азамат бол!

Еліңе қорған бол!

Айың оңыңнан тусын!

Алла разы болсын!

Мерейің үстем болсын!

Нұр жаусын!

Тапсырмалар

Сахналау.

- 1-топ. Мұғалімнің және сыныптастарының қыз баланы туған күнімен құттықтау сәтін сахналау; (мұғалім мен оқушы)
- 2-топ. Ағалы- қарындас туыстардың үйге келген қонақтарды күтіп алу сәтін сахналау;
(екі қонақ ,қыз және ұл бала)
- 3-топ. “Ұландар” тобының қарттар үйіне барып, қайырымды іс жасау сәтін сахналау.
(Апа мен ата және төрт бес оқушы)

* Дәйексөз

* Өмірге риза болып,
алғыс айт.

* Дәптермен жұмыс

Жүректен жүрекке

Ғаббас Жұмабаев

Біздің тілек

Бізге ашық күн керек,

Аспан керек мөп-мөлдір.

Қуанышқа тұр бөлеп,

Бақытты өмір төккен нұр.

Тыныш болып жер беті,

Түршікпесін денеміз.

Азамат боп ер жетіп,

Ағаларға ереміз.

Назарларыңызға
рахмет!

